



ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!


1 наурыз -Алғыс айту күні

БҮГІНГІ НӨМЕРДЕ



4 – 6 .02. 2019 ж. Алматы қаласында өткен «Заманауи медициналық білім беру саласындағы сапа, үздіксіз кәсіби жетілдіру және бенчмаркинг» атты тақырыпта халықаралық семинарға колледж директоры Ж.Н. Сарыбекова, Л.Т.Қуанышбекова қатысып, сертификатқа ие болды.

Қостанай жоғары медициналық колледжінің 90 жылдық мерей тойына орай ұйымдастырылған «Үздік акушер – 2019» Халықаралық байқауында «Емдеу ісі» бөлімінің 424 топ студенті Қуандықова М. белсене қатысқаны үшін колледж директоры Ж.Н. Сарыбекова, жетекшісі «Емдеу ісі» бөлімінің меңгерушісі А.М.Мадибраимова Алғыс хатпен марапатталды. Осы байқауда «Внедрение современных перинатальных технологий» тақырыбында дөңгелек үстелге А.М.Мадибраимова қатысып, Сертификатқа ие болды.




01.03.2019ж. «1 наурыз – Алғыс айту күніне» арналған Жамбыл медициналық колледжі көп балалы қызметкерлердің балаларына арналған керемет іс-шара ұйымдастырылды. Аталған іс-шарада коворкинг орталығы, смарт кабинеттер, тренажер орталығына және адалдық дүкенге экскурсия жасалып, естелікке мерекеге арналған сыйлықтар берілді.

Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты қалыптастыру бағытында «1 Наурыз – Алғыс айту күніне» орай колледж ардагерлеріне Жас Алаш дебат клубының студенттері және Руханият үйірмесінің мүшелері «Алғысым шексіз адамға, айналама!» тақырыбында мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Ардагерлерге оқу орындағы жаңадан ашылған «Адалдық дүкені», «Денсаулық» сауықтыру залы, оқу орталығымен таныстырылып, естелік сыйлықтар тапсырылды.



21 – 22.02.2019 ж. ШЖҚ Талдықорған жоғары медициналық колледжінің ұйымдастыруымен мамандығы «Мейіргер ісі», біліктілігі «Қолданбалы бакалавр» бағдарламасының жүзеге асырылуы барысындағы өзекті мәселелері, ізденістері мен шешілу жолдары» тақырыбында Республикалық дөңгелек үстелге белсене қатысқаны үшін колледж директоры Ж.Н. Сарыбекова Алғыс хатпен марапатталды.



«Қазақстан медициналық колледждері Одағы» заңды тұлғалардың бірлестігінің ұйымдастыруымен ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғырту» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында және «2019 жыл – Жастар жылы» аясында ұйымдастырылып отырған «Қазақстан Республикасындағы Мейіргер ісіне жаңаша көзқарас» тақырыбындағы Республикалық On – Line олимпиадасына «Мейіргер ісі» бөлімінің 429 топ студенті С.Жукенова қатысып, I орын жеңіп алды. I дәрежелі Дипломмен марапатталды. Жетекшілері: А.Т. Парманова, Д.А.Зиябекова.



Республикалық дөңгелек үстелде «Оқулықпен қамтамасыздандыру барысы» тақырыбында колледж директордың оқу – тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Л.Т. Қуанышбекова баяндама жасап, Сертификатқа ие болды.



26.02.2019 ж. «Мұқағали Мақатаев атындағы көркемсөз оқу шебері» атты қалалық байқауға 101 топ студенті Н.Қалдыбаева мен 105 топ студенті Т. Ермек қатысып, Алғыс хаттармен марапатталды. Жауапты: қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы Н.Ж.Абдраимова.



Жыл сайын дәстүрге айналған 21 ақпан Халықаралық ана тілі күні мерекесіне арналған «Ана тілі – мемлекет тірегі» қалалық Тіл фестиваліне I курс студенттері Украин ұлтының салт- дәстүрін таныстырып, III дәрежелі дипломмен марапатталды. Жауапты: қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы З.И. Абдалимова.



Құрметті Жамбыл медициналық колледжінің ханымдары! Сіздерді 8-наурыз халықаралық әйелдер күнімен ыстық ықылас пен құттықтаймыз! Тәуелсіз еліміздің бүгінгі күнге нығайып, әлем таныған абыроймен жетулеріне асыл аналарымыз және ұлағатты ұстаздарымыздың өлшеусіз үлес қосқандығы ақиқат. №4 Жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндер ЦӘК ұйымдастыруымен «Әлемнің асыл – сұлулары» атты мерекелік іс-шара «Эльба» мейрамханасында өтті. Мерекелік іс-шараны колледж директоры Ж.Н.Сарыбекова барша әйелдер қауымын мерекемен шын жүректен құттықтау сөздерімен ашты. Іс-шарада әсем ән шықалып, би биленді. Колледж ұжымы көтеріңкі көңіл-күймен тарқасты.

- 1 наурыз - Алғыс айту күні
- «Адалдық алаңы», «Денсаулық» жаттығу залы, «Coworking» оқу орталықтарының ресми ашылуы
- «Медбике ісі» кешкі бөлім студенттеріне диплом беру
- Шығармашылық есеп
- Аттестация комиссиясының жұмысы
- Ашық сабақтар
- Ауған соғысы ардагерлерімен кездесу
- Кәсіби бағдар беру
- Ашық іс шара
- «Жүз жасаған жүректен» атты поэзия кеші
- Кездесулер
- Үйірме отырысы
- Эссе байқауы
- «Үздік топ басшы 2019» байқауы
- Көрме: «Анашым - сізге рахмет!»
- «Бақытты отбасы» тақырыбында тренинг
- Құқық бұзушылықты алдын алу комиссиясының іс-шаралары
- Құттықтаулар

«Психологиялық қызметтің» ұйымдастыруымен, 2019 жылдың 1 Наурыз «Алғыс айту» күніне орай Жамбыл медициналық колледжінің 1-ші қабатында колледжде оқитын әр ұлт өкілдерінің студенттерінен құралған «Мың алғыс айтамыз баршаларыңызға» ұранымен колледж әкімшілігін, оқытушыларын, қызметкерлерін, студенттеріне тілек лебіздерін білдіріп, ашық хаттарын таратты.

01.03.2019 ж. «1 наурыз – Алғыс айту күніне» орай Жамбыл облысы мүгедектерді оңалту және бейімдеу орталығында өткізілген концерттік бағдарламаға колледждің белсенді жастары қатысып, қариялардың ақ батасын алды. Жауапты: жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы Д.Уркимбаева.



Шығармашылық есеп

«Адалдық алаңы», «Денсаулық» жаттығу залы, «Coworking» оқу орталықтарының ресми ашылуы



12.02.2019 ж. 83 жылдық тарихы бар колледжде «Жастар жылын» насихаттау және қолдау мақсатында «Адалдық алаңы» дүкені, «Денсаулық» жаттығу залы, «Coworking» оқу орталықтарының ресми ашылуы өтті. Ресми ашылуға

шақырылған қонақтар Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департаменті, Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы, «Нұр Отан» партиясы Жамбыл облыстық және қалалық филиалдары, Тараз қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі, Жамбыл облысы әкімдігінің жастар саясаты мәселелері басқармасы, БАҚ өкілдері және колледж әкімшілігі мен оқытушылары қатысты. Қонақтарды колледждің мұражайы, мемлекеттік қызмет көрсету электрондық орталығымен, SMART анатомия кабинеттерімен, мониторинг және білім сапасы кабинеттерімен танысты. «Денсаулық» жаттығу залы, «Адалдық алаңы» дүкенінің ашылу лентасын Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департаменті басшысы Р.К.Тюлебаев, «Coworking» оқу орталығының ашылу лентасын колледждің ардагер ұстазы Д.К. Керімбаева қиды. «Coworking» оқу орталығына марқұм Д.М.Жунисованың «Кәсіби қазақ тілі» медициналық оқу орындарына арналған жаңа оқулығының презентациясымен анасы Д.К. Керімбаева таныстырып, кітабын колледжге сыйға тартты.

«Медбике ісі» кешкі бөлім студенттерге диплом беру



09.02.2019 ж. Жамбыл медициналық колледжі «Медбике ісі» кешкі бөлім студенттеріне қорытынды мемлекеттік аттестаттаудың комиссия шешімінің келісімі бойынша, кешенді мемлекеттік емтиханды сәтті тапсырып, кешкі бөлімнің «Медбике ісі» мамандығы «Жалпы практикадағы медбике» 67 студент бітіріп, оның ішінде 7 студентке үздік деген біліктілігі беріліп, диплом тапсырылды.

11.02.2019 ж. Аттестациядан колледжде жоғары біліктілік санатына өтетін Г.Ж. Иманалиева, А.Е.Исмаилова, Ф.Д.Тұрмысова өз тәжірибесімен бөлісті. №1 әлеуметтік – экономикалық жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру ЦӘК тарих пәнінің бірінші санатты оқытушысы Г.Ж. Иманалиева «Тарих сабағында сын тұрғысынан ойлау технологиясының элементтері пайдалану арқылы жеке тұлғаны қалыптастыру» тақырыбында, №1 жалпы білім беру және жаратылыстану ғылыми пәндері ЦӘК информатика пәнінің бірінші санатты оқытушысы А.Е.Исмаилова



«Современные студенты SMART технологии» тақырыбында, №1 арнайы пәндер ЦӘК акушерия және гинекология пәнінің бірінші санатты оқытушысы Ф.Д.Тұрмысова «Симуляция – эффективный метод обучения» тақырыбында шығармашылық есеп берді.

Аттестация комиссиясының жұмысы



19.02.2019 ж. Колледжде педагог қызметкерлерді аттестаттаудың қағидалары мен шарттарына сәйкес 21 оқытушы аттестациядан өтті. Аттестациялық комиссия төрайымы колледж директоры Ж.Н.Сарыбекова, ҚР Денсаулық сақтау

министрлігі қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің Жамбыл облысы қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің басшысы Б.К.Жарқынбеков, Жамбыл облысы білім басқармасының оқу-әдістемелік кабинет басшысының орынбасары Б.Х.Тәжібаев, №1 қалалық балалар ауруханасының бас дәрігері Р.Б.Нұржанов, Ұлттық медициналық Палатасы ЖО филиалы директоры Т.К.Саурбаев, «ҚР Денсаулық сақтау қызметкерлерінің кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің Жамбыл облыстық филиалының төрайымы, директор оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Л.Т.Куанышбекова, оқу-тәжірибе жұмысы жөніндегі орынбасары Қ.Т.Андакулова, оқу-әдістемелік жұмысы меңгерушісі Ж.Б.Иманбекова қатысты. Комиссия шешімі бойынша жоғары біліктілік санатына С.А.Ахметов, У.М.Ахметова, А.М.Мадиибраимова, О.А.Махамбетов, Ж.Б.Иманбекова, Л.К.Батаева, Ф.Қ.Жапаркулова, Ж.Б.Мырзагулова, А.М.Надилов, Ф.Д.Тұрмысова, А.Е.Исмаилова, Г.Ж.Иманалиева. I санатқа А.М.Даулетов, А.Е.Еркебаева, З.С.Ескебекова, Д.Е.Жусупова, К.А.Мальцева. II санатқа Р.К.Тұрсынбаева, Р.Н.Нурбаева, Ж.Ш.Шарипова ұсынылды.



«Бақытты отбасы» тақырыбында тренинг



7.02.2019 ж. Колледж психологы: А.Н. Оскенбаева «Бақытты отбасы» тақырыбында барлық I курс студенттерін қамтып тренинг өткізілді. Отбасы-адам баласының өсіп-өнер, қаз тұрар, қанат қағар ұясы, алтын бесігі. Тәрбиенің кілті-отбасының өмір тіршілігіне байланысты. Әсіресе, ата-ананың адамгершілік бейнесі балаларды тәрбиелеудің негізгі көзі. «Қыран ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» ғой. Бала өмірінің алғашқы күнінен бастап ата-ана өздерінің негізгі борыштарын атқаруға кіріседі, яғни оларға тәрбие береді. Отбасының берік негізі міне, рухани мүдденің бірлігінде болмақ. Оның біртұтас тату болуы береке бірлігі ең алдымен әке-шешенің бір-біріне, балаларына қалай қарайтындығына байланысты деп түсіндірме жұмыстарын жүргізді. «Сөйлемді аяқта», «Менің таңдауым» жаттығулары студенттер орындаса, «Ең маңыздысын ұмытпа!» тақырыбында аңыз оқылып, студенттер өз ойларымен бөліссе, әрі қарай «Отбасы құндылықтары» тақырыбында бейнеролик көрсетіліп, студенттер отбасы макетін жасап, қорғады. Тренинг соңында «Отбасын жылуын сөндірмейік!» жаттығуында шам жағылып тілектерін айтып, бір-бірлеріне сәттілік тіледі. Тренинг өз мақсатына жетті.

ананың адамгершілік бейнесі балаларды тәрбиелеудің негізгі көзі. «Қыран ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» ғой. Бала өмірінің алғашқы күнінен бастап ата-ана өздерінің негізгі борыштарын атқаруға кіріседі, яғни оларға тәрбие береді. Отбасының берік негізі міне, рухани мүдденің бірлігінде болмақ. Оның біртұтас тату болуы береке бірлігі ең алдымен әке-шешенің бір-біріне, балаларына қалай қарайтындығына байланысты деп түсіндірме жұмыстарын жүргізді. «Сөйлемді аяқта», «Менің таңдауым» жаттығулары студенттер орындаса, «Ең маңыздысын ұмытпа!» тақырыбында аңыз оқылып, студенттер өз ойларымен бөліссе, әрі қарай «Отбасы құндылықтары» тақырыбында бейнеролик көрсетіліп, студенттер отбасы макетін жасап, қорғады. Тренинг соңында «Отбасын жылуын сөндірмейік!» жаттығуында шам жағылып тілектерін айтып, бір-бірлеріне сәттілік тіледі. Тренинг өз мақсатына жетті.

Құқық бұзушылықтың алдын алу



13.02.2019 ж. Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының № 732 хатының негізінде Қазақстан Республикасы ІІМ Әкімшілік полиция комитетінің 2019 жылғы 1-тоқсанға арналған жоспарының 17-тармағына сәйкес ақпан айының 11-і мен 15-і күндер аралығында, ПД ЖПҚБ-ң ЮП тобымен облыс аумағында барлық қызмет пен мүдделі

ведомстволарды қатыстырып, «Жасөспірім – Заң – Қауіпсіздік» атты кең көлемді акция аясында облыстық ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес басқармасының қызметкерлері, Тараз қаласы ПБ ЖПҚ-ның УПИ полиция капитаны Жақсығұлов Арслан Нурланұлы, полиция капитаны Абзал Арысбаевтар колледж студенттерімен кездесіп, «Кәмелетке толмағандар арасындағы әлімжеттік және бопсалау» тақырыптарында дәріс оқып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



06.02.2019 ж. Тараз қаласы ПБ ЖПҚ-ның УПИ полиция капитаны Жақсығұлов Арслан Нурланұлы, полиция капитаны Сейітбеков Бауыржан Жолдасұлы және полиция аға лейтенанты Убайдуллаев Султан Есенбекұлы колледж студенттерімен кездесіп, «ұялы телефон, әлеуметтік желілердің зияны» тақырыбында дәріс оқып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



07.02.2019 ж. Тараз қаласы ПБ ЖПҚ-ның УПИ полиция капитаны Жақсығұлов Арслан Нурланұлы, полиция капитаны Сейітбеков Бауыржан Жолдасұлы және полиция аға лейтенанты Убайдуллаев Султан Есенбекұлы колледж студенттерімен кездесіп, «Бопсалау» тақырыбында дәріс оқып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



15.02.2019 ж. Колледждің әлеуметтік педагогы: А.А. Буксукбаева, колледж психологтары: Н.Е.Мұхамодиева, А.Н.Оскенбаева, ҚБАК төрағасы: Р.Б.Усенов

«Жастар және Болашақ» тақырыбында колледждің 1,2,3,4 курстар ұлдарына арналған бопсалау, ұрлық, қылмыс туралы бейне роликтер көрсетілді. Іс шараға: тәрбие жұмысының меңгерушісі: Л.К.Мейрманова, «Емдеу ісі», «Мейіргер ісі» бөлімінің меңгерушісі: Ж.Б.Қалымбетова, колледж инспекторы Тараз қаласы ПБ ЖПҚ ЮПБ УПИ полиция капитаны А.Н.Жаксығұлов және 1,2,3,4 курс студенттері қатысты. Қамтылған студенттер саны: 205



Үйірме отырысы

04.03.2019 ж. «Қазақ тілі» пәні бойынша «Балауса», «Орыс тілі» пәні бойынша «Занимательная грамматика», «Ағылшын тілі» пәні бойынша «English in action» үйірме жетекшілері Д.Е. Жусупова,

Э.Б.Бердалиева, Ж.Ш.Шарипова ұйымдастырумен «Алкогольге әуестену-мақтаныш емес!» атты тақырыпта бірлескен ашық отырысы өтті.

Үйірме отырысының мақсаты: Үш тілдік саясатты дамытуда, таза сөйлеуге, тілді терең меңгеруге баулу; ой, ес, сезім, тіл жылдамдықтарын дамытып, бірліктерін нығайту, студенттерге «Алкоголизм» сөзінің мәнін, мағынасын түсіндіре отырып, ғасыр дертінен бойларын алшақтату.

Эссе байқауы

14.02.2019 ж. күні Жамбыл медициналық колледжінде I, II курс студенттері арасында 15-ақпан Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылғанына 30 жыл толуына байланысты «Балалар бейбітшілікті қолдайды» атты сурет

байқауы және «Мен болашақ Отан қорғаушымын» тақырыбында эссе байқауы өткізілді.

Байқау нәтижесінде сурет байқауы бойынша I орын – 101,103 топ, II орын – 112,221 топ, III орын – 111, 217 топ, эссе байқауы бойынша I орын -102 топ студенті Әділхан Аяжан, II орын – 216 топ студенті Ниятбек Аида, III орын -104 топ Тәліпбек Айдана марапатқа ие болды. Қалған топтар белсене қатысқаны үшін марапатқа ие болды.

Аталған іс-шараға тәрбие ісінің меңгерушісі Мейрманова Л.К., кураторлар кеңесінің төрайымы Джампеисова Н.Е. кураторлар кеңесінің мүшесі Атамбаева А.С. және I, II курс студенттері қатысты.

«Үздік топ басшы – 2019» байқауы



26.02.2019 ж. Елбасы Н.Назарбаевтың 2019 жыл – Жастар жылын қолдау және студенттерді патриоттық сезімге тәрбиелеу, топ басшы мен студенттердің арасындағы қарым қатынасты күшейту, дарынды жастарға қолдау көрсету мақсатында 2018-2019 жылы қабылданған студенттер арасында

колледжішілік «Үздік топ басшы – 2019» байқауы өткізілді. Байқау соңында дипломмен және сыйлықтармен марапатталды. «Бас жүлде» – «Мейіргер ісі» бөлімі 106 топ студенті Сейтжанова А. I орын – «Мейіргер ісі» бөлімі 111 топ студенті Шаншархан А. II орын – «Мейіргер ісі» бөлімі 102 топ студенті Сайлаубекова А. және 107 топ студенті Отарғали А. III орын – «Мейіргер ісі» бөлімі 101 топ студенті Алтынбай Ж және 110 топ студенті Ахубаева А. марапатталды.

Көрме: Анашым сізге рахмет!



05.03.2019 ж. 8- наурыз Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай колледждегі барлық үйірме мүшелерінің ұйымдастыруымен «Анашым – сізге рахмет!» атты қолөнер және сурет байқауы өтті.



23.02.2019 ж. студенттер кәсіподақ ұйымының төрайымы Н. Абдрахманова, жастар ісі жөніндегі төрайымы Д. Уркимбаева және «Жас Отан» жастар қанаты Жамбыл медициналық колледжінің бөлімшесінің ұйымдастыруымен «1 Наурыз – Алғыс айту күніне» орай қайырымдылық жәрмеңкесі өткізілді.

Ашық сабақтар



12.02.2019ж. №2 арнайы пәндер ЦӘК жұқпалы аурулары пәнінің оқытушысы Б.Б.Блейменова «Мейіргер ісі» 307 топ студенттерімен «Эпидемиология және жұқпалы аурулардағы мейірбике ісі» пәнінен «Оба. Туляремия. Мейіргерлік үрдісті ұйымдастыру» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Ашық сабақтың мақсаты: студенттерге Оба және Туляремия ауруларының этиологиясы, эпидемиологиясы, клиникалық белгілерін, зертханалық шараларын, профилактикасын және мейірбикелік күтімін түсіндіру. Ашық сабақ мақсатына жетті.



13.02.2019ж. №2 арнайы пәндер ЦӘК хирургия пәнінің оқытушысы А.М.Даулетов «Емдеу ісі» бөлімі 422 топ студенттерімен хирургиялық аурулар пәнінен «Несеп жыныс ағзалары аурулары мен зақымдануы. Бүйрек пен қуықтың жарақаттануы, қабыну аурулары. Бүйрек обыры, несеп тас ауруы, бүйрек шаншуы. Жіті простатит, простата аденомасы. Орхит, баланопостит, фимоз, парафимоз» тақырыбы бойынша ашық сабақ өтті. Ашық сабақтың мақсаты: студенттерге несеп жыныс ағзаларының аурулары, бүйрек обыры, несеп тас ауруы, жіті простатит, простата аденомасы, орхит, баланопостит, фимоз, парафимоз ауруларының этиологиясын, эпидемиологиясын, клиникалық белгілерін, зертханалық диагностикасын, емдеу шараларын, профилактикасын түсіндіру. Ашық сабақ мақсатына жетті.



13.02.2019ж. №3 арнайы пәндер ЦӘК мейіргер ісі негіздері пәнінің оқытушысы А.Р. Байбулекова «Мейіргер ісі» бөлімінің 206 топ студенттерімен «Өзіне – өзі қызмет ету тапшылығы бар науқастарға күтім көрсету принциптері (ауыз, мұрын, құлақ қуыстарын және көзді күту, басын жуу, шашын тарау)» тақырыбында ЦӘК ішілік ашық сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты: халі ауру науқастың ауыз, мұрын, құлақ қуысын күтуді, көзді күтуді жүргізу. Халі ауыр науқастың басын жууды, шашын тарауды үйрету. Ашық сабақ мақсатына жетті.

Ауған соғысы ардагерлерімен кездесу



21.02.2019 ж. №4 Жалпы білім беру және ізгілендіру пәндері циклдік әдістемелік комиссиясының «Алғашқы әскери дайындық» пәнінің оқытушылары Ж.Б.Бегалиев, Р.Б.Усенов Ауған соғысының аяқталуына 30 жыл толуына орай, «Ауған отты жалыны» атты тақырыпта «Мейіргер ісі» бөлімінің 102, 105, 108, 109 топ студенттері ардагерлерімен кездесу өткізді. Кездесу кештің қонақтары: Мүгедектер мен Ауған соғысы ардагерлер кеңесінің төрағасы Д.С.Ермекбаев, Әскери-патриоттық тәрбие жұмысының инспекторы Н.Г.Аляева, ҚР ҚМ ардагері жауынгер-интернационалист Д.И.Баймахамбетов, Тараз қаласы ПБ бастығының қызмет істері жөніндегі орынбасары полиция полковнигі Е.И.Кунчашев қатысып, ауған соғысында көрсеткен ерліктерін еске алып, өз ойларымен бөлісті.



26.02.2019 ж. Колледждің «Мейіргер ісі» бөлімінің 104 топ студенттері тарихи өлке таныу сабағында, Ауғаныстан жерінен Кеңес әскерлерінің шығарылған күніне 30 жыл толуына байланысты өлкеміздің Ауған соғысына қатысқан ардагерлері М.А.Талжигитов, Ш.М.Абдувахатов, Р.А.Рахимбердиевпен сұхбаттасып, ардагерлердің көрме залымен танысып естелікке суретке түсті. Жауапты: тарих пәнінің оқытушысы Ш.Т. Маманова.



15.02.2019 ж. Кеңес әскерлерінің Ауғанстан жерінен шыққанына 30 жыл толуына орай «Жеңіс» саябағындағы Ауғанстан соғыс ардагерлеріне арналған ескерткішіне колледж студенттері және студенттер кәсіподақ ұйымының төрайымы Н. Абдрахманова гүл шоғын қою рәсіміне қатысты.



Кәсіби бағдар беру

20.02.19 ж. Жоспарлы түрде Тараз қаласын аралап, мектеп оқушыларына кәсіби бағдар беру жұмысы жүргізілді. Іс-шараға кәсіптік бағдар беру маманы Артықова Л. мен «№3 арнайы пәндер» циклдік-әдістемелік комиссиясының мүшелері қатысты. Олар №49 мектеп лицей, №48 орта мектеп, №51 орта мектеп, №45 мектеп лицей, №5 мектеп лицей акт залдарында 9-11 сынып оқушыларына кәсіби бағдар беру жұмысын жүргізді. Іс-шараның мақсат міндеттері: оқушыларға болашақ мамандық және кәсіби бағдарын таңдауға көмектесу, медицина мамандығы және оның ерекшеліктері туралы дүниетанымын кеңейту. Оқушылардың алдағы уақытта мамандық таңдауда дұрыс жолда болуына себепкер болу, таңдаған мамандығының өз бейімділігі мен қабілетіне сәйкес келуін

нақтылау, өз өзін танудың жалпы әзірлігін қалыптастыру. Оқушыларға колледж тарихы, жетістіктері, мамандықтары, 2019 жылдан бастап «Жоғарғы Жамбыл медициналық колледжі» статусын алғаны, жаңадан «Мейіргер ісі» бойынша «Қолданбалы бакалавр» мамандығы ашылғаны жөнінде ақпарат берілді. Колледж жайлы қысқаша бейнеролик көрсетілді. Аймақтық симуляциялық орталықтың тренер-оқытушысы Қудебаева Эльмира Жандарбекқызы мамандыққа қызығушылығын арттыру мақсатында «Қан тоқтату», оқытушы Оңғарбаева Айнұр Сағындыққызы «Естен тану» және оқытушы Токкулиева Гүлнар Сарсенбекқызы «Жабық жарақат» тақырыбында алғашқы көмек көрсету дағдыларын көрсетті.

Ашық іс-шара



8.02.2019 ж. №2 жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндері ЦӘК оқытушылары А.Т.Мәдімарова, З.И. Абдалимова ұйымдастыруымен Мұқағали Мақатаевтың 88 жылдығына арналған «Тау алыстаған сайын биіктей түседі» атты поэзия кеші өтті. Кештің мақсаты: Мұқағали Мақатаевтың өмірімен жан-жақты таныстыру, шығармашылық жолынан мәліметтер беру, ақынның сөзіне жазылған әндерді көпшілік назарына ұсыну.

«Жүз жасаған жүректен» атты поэзия кеші



28.02.2019 ж. Жамбыл медициналық колледжі «Мейіргер ісі», «Емдеу ісі» бөлімі 1 курс студенттері қатысуымен, қазақ тілі және қазақ әдебиеті пәнінің оқытушысы Ә.Т. Мәдімарова мен физика пәнінің оқытушысы Р.К. Турсынбаева ұйымдастыруымен Жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың 173 жылдығына арналған «Жүз жасаған жүректен» атты поэзия кеші өтті. Кештің мақсаты: Жамбыл өмірімен, шығармашылығымен, Жамбылдың мәдени мұраларын бағалай білуге, студенттердің идеялық-рухани дүниетанымын кеңейтуге, патриоттық сезімдерін оятуға, ұлы адамдардың үлгісінде тәрбиелеуге негізделді. Кеште студенттер ұлы ақынның әр жылдары жазған өлеңдерін мәнерлеп оқып, үздік айтыстарынан көрініс көрсетті.

Кездесулер



20.02.2019 ж. Әлеуметтік педагог: А.А. Буксукбаева мен колледж психологтары: А.Н.Оскенбаева мен Н.Е. Мұхамодиева, наркобекет төрайымы: Г.Е. Қалтаева ұйымдастыруымен «Мен өмірді жақсы көремін, мен есірткіге қарсымын» тақырыбында мамандармен кездесу өткізілді. Кездесуге

Жамбыл облыстық психикалық денсаулық орталығының бөлім меңгерушісі, дәрігер нарколог: Ниязалиева Айнұр Асқарқызы, Жастар ресурстық орталығының маманы: Темірханов Нұрым Серікұлы қатысты.

Есірткінің пайдасы мен зияны туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді және дәріс соңында бейнероликтер көрсетілді. Студенттер тарапынан сұрақтар қойылып, арнайы мамандар жауап берді.

Дәріс соңында колледж психологы: А.Н.Оскенбаева «Мен таңдаған ғажап өмір» тақырыбында студенттермен тренинг өткізді. Тренингтің мақсаты: өмір құндылықтарының мәнін ашу арқылы адам өмірінің сипаты мен тірлігі туралы ұғымдарын кеңейту. Өмір сырын түсіну, өмір сүру жолдары туралы өзіндік орнын, өмірлік бағдарын дамыту.



7.02.2019 ж. КМҚК «Жамбыл медициналық колледжі» 2018-2019 оқу жылына арналған жастардың кәсіптік білім алуына кәсіби бағдар беру және түлектерді жұмысқа орналастыру комиссиясының жылдық жоспарына сәйкес М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті қабылдау комиссиясының

жауапты хатшысының орынбасарын Садыбаев Ә.Қ, Усейнов М.И және «Психология және педагогика кафедрасының меңгерушісін Жамирова Ұ.Ш қатысып, 4 курс студенттеріне жоғарғы оқу орындарына түсу жолдарымен таныстырды. Олар 2019 жылы жоғарғы оқу орындарына студенттер қабылдаудың ерекшеліктерімен, жоғары білімі бар кадрларды даярлау бағыттарымен, медицина мамандығына сәйкес және бейіндік пәндер тізбесімен, жоғары оқу орнына қабылдауға қойылған шекті балдарымен таныстырды. 422,424 топ студенттері мамандарға өз сұрақтарын қойып, керекті жауаптарын алып отырды.



21.02.2019 ж. «Жаңа көшбасшы! Жаңа бастама!» атты еркін форматтағы өткізілген кездесуде «Қазақстан Студенттерінің Альянсы» РСҚ-ның Жамбыл медициналық колледжі бөлімшесінің көшбасшысы 404-топ студенті Н.Елубай есеп

беріп, бөлімше көшбасшысы ретінде 212-топ студенті Саутбекова Жазира көп дауыс жинап, сайланды. Аталған іс-шараға Жамбыл облысы «Қазақстан Студенттерінің Альянсы» РСҚ-ның көшбасшысы Қ.Муратбаев қатысып, жаңа көшбасшыға сәттілік тіледі. Кеш соңында белсенді студенттерді алғыс хаттармен марапаттады. Жауапты: жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы Д.Уркимбаева.



28.02.2019 ж. «Нұр Отан» партиясының 20 жылдық мерейтойына және «1 Наурыз – Алғыс айту күніне» орай Ш.Уәлиханов атындағы Жамбыл облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында орналасқан корвинг орталығында «Нұр

Отан» партиясы жанындағы «Жас Отан» Жастар қанаты Жамбыл медициналық колледжі бөлімшесінің ұйымдастыруымен «Нұр Отан партиясының жүріп өткен жолдары» тақырыбында партия ардагерлері Т.Қ.Саурбаевтың жастармен еркін форматта кездесу өткізілді. Жауапты: жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы Д.Уркимбаева.



№35 «Ер Төстік» бөбекжай-бақшасында 1-наурыз Алғыс айту күніне орай, Мейірімділік акциясы ұйымдастырылып өткізілді. Бөбекжай-бақшасының меңгерушісі Ережепбаева Алма Сайлаубековна ұжымды алғыс айту күнімен құттықтап, бөбекжай-бақшанда қызмет атқаратын көп балалы аналарға ұжымның атынан сыйлық тапсырды. Сондай-ақ әлеуметтік жағдайы төмен қызметкерлерге азық-түліктер таратты.